

С.Сейфуллиннің 125 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 15: Жастар, ғылым, технологиялар: жаңа идеялар мен перспективалар» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Международной научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 15: Молодежь, наука, технологии – новые идеи и перспективы», приуроченной к 125-летию С.Сейфуллина. - 2019. - Т. II, Ч 1 - Б.64-65

ТОПОНИМ АТАУЛАРЫНДАҒЫ ТАБИҒАТ БЕЙНЕСІ (Ж.Аймауытовтың «Ақбілек» шығармасы негізінде)

Байсариева Д.

Қазақ даласының бәрі де атауға толы. Қандай да болмасын заттың атауы оны тек атап қана қоймай, сонымен бірге оны танытады. Ал тану, я анықтау белгілі бір халықтың даму жағдайы аясында іске асатындықтан, ол тілдік ұғым өмірдегі нақты жағдайларға байланысты әр түрлі болады. Әр түрлі ұғым бір затты күнделікті тәжірибеде кездесіп қолданылатын жағынан танытып, оны өзіне таныс құбылыспен байланыстыратыны белгілі. Яғни, ат қоюда өмір шындығы мен тұрмыс болмысы тіл фактілеріне айналып, халықтың тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі, наным-сенімі әр түрлі заттар түрінде тілде сөзбен аталып, бейнеленеді. Осының негізінде ол затты танып, біліп, оны басқалардан ажыратып танығаннан кейін барып, сол белгі ат болып тағылады. Мұндай ажыратқыш белгілер әр түрлі болуы мүмкін. Мысалы, түр-түсі, қызметі, көлемі, орналасқан орны, дыбысы, бейнесі, басқа затқа қатысы т.б. ішкі және сыртқы қасиеттер. Тіл білімінде мұндай белгілерді уәждер немесе мотивтер деп атайды. «Уақыт өте келе ол белгілердің көбі өзгеріп, көмескіленіп, әр түрлі тарихи, әлеуметтік, экономикалық жағдайларға байланысты ұмытылуы мүмкін. Бірақ атау тілде өмір сүруін жалғастыра береді», - дейді этнолингвист ғалым Ж. Манкеева. Ғалымның осы пікірі жер-су атауларына да тікелей байланысты. Себебі, А.В. Суперанскаяның айтуынша, «Әрбір атау-тарихи, ал топонимиканы түгелдей тарихтың айнасы деуге болады».

Жер-су атауларының табиғатын тілдік заңдылықтарға ғана сүйеніп емес, сонымен қатар сол тілде сөйлеуші этностың дүниетанымына, салт-дәстүріне, ұлттық менталитетіне байланысты да анықтауға болады. Бұл үрдісті әдебиетші-ғалым С.Қасқабасов: «Мифтік сана мен ойлаудың өзі-тарихи заңды кезең. Оны аттап не айналып өту мүмкін емес» деп бағаласа, ал Ә.Нысанбаев, Т.Әбжанов өз «Қысқаша философия тарихы» еңбегінде: «Сананың өз даму тарихы бар. Ол ең алдымен, адамдардың қоғамдық өмірінің тарихымен сабақтасып жатады», - деп қорытындылайды.

Халық пен оның болмысы, тұрмыс-тіршілігі бір-бірімен бөліп алуға келмейтін ұғымдар болса, осы екеуін дыбыстық тілмен сабақтастыру тіл ғылымы аясынан да кең дәрежеде қарауға тұратын, философиялық сұрақтардың бірі болып табылады.

Қоршаған ортадағы табиғат жағдайларын нақты бейнелеуге топонимдер құрамында болатын халықтық және жергілікті географиялық терминдер себепші болды.

Осы тұрғыдан алғанда, табиғат жағдайларын сипаттайтын жер-су аттарында жергілікті жердің ландшафтық келбеті бейнеленіп, халықтың географиялық білімі жинақталған.

Мәселен, Ж. Аймауытов шығармасындағы жер-су аттары осыған дәлел. Марқакөлдiң суы балдай, ... Көтегейі - Күршім жақ, бет алысы - Қаракем шаты. Қаракем шаты жартас, дәл аясы - шұңқыр көгал, бір ауызды, тар ауызды шұңғыл шат-тын; мейірімді Алтай түсі қашып, түнде жортқан, жорықшыға соққан қой. Ертіс үлкен өзен. Өре басы Қытайдан келеді. ... Ертістің оң қабағында - Семей, солында - Алаш қаласы. Алаш пен Мемей арасынан өткенде, Ертіс саулы інгендей талтаяды.

XX ғасырға дейін қаншама оқиғаларды бастан кешсе де, күрделі өзгерістерге ұшырамай, өзінің біртұтас әлеуметтік жүйесін сақтап келген қазақтың көшпенді мәдениеті тарихи сұрыпталу барысында өзінің тұрақты белгілерін қалыптастырды. Алдын-Шығыс, Артын-Батыс, Оң қолын - Оңтүстік, Сол қолын - Солтүстік деп танитын халқымыздың жер бетіндегі кеңістік өлшемі көз жетер жермен ғана шектелмейді.

Қорыта келе, қазақ жер-су аттары көркем шығармалар арқылы ұрпақтан ұрпаққа жететіне кәміл сенеміз.

Әдебиеттер тізімі

1. Ә Нұрамағамбетұлы. Жер-судың аты-тарихтың хаты. -Алматы: Балауса, 1994.-64б.
2. А.Әбдрахманов. Қазақстан этнотопонимикасы. – Алматы: Ғылым, 1979. -127б.
3. Tuksaitova R.O. The Russian language in the multicultural space of Kazakhstan state policy and public mood. Quaestio Rossica. г.Екатеринбург, 2016. Вып.4. С. 94-106. База Thomson reuters.

Ғылыми жетекші: З.К.Құрманова, филол.ғ.к